

Бекітемін
«Nursultan 77»
балабақшасының меңгерушісі
Л.Т.Табынсева



«Менің Отаным-Қазақстан!»

«Ертегі» ересек топ

Тәрбиешілер: Абатова С.А
Бердімұратова Р.Ж

2025-2026 жыл

"Менің Отаным-Қазақстан!"

Балалар зал музыка әуенімен кіреді. Қолдарында жалауша, гүл, шарлар ұстап шығады. Би қимылдарын орындайды.

Жүргізуші: - Құрметті қонақтар, кішкентай бүлдіршіндер және бөбекжай бақша ұжымы! Баршаңызды 25 қазан Республика күні Ұлттық мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Баршаңызға отбасылық бақыт, дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге жеміс, мерекелік шат көңіл тілейміз.

Ақжайық, Алтай арасы
Қазақтың шалқар даласы
Республикама қарашы!
Жерімнің дәні маржандай
Қырманы асқар таулардай
Республикама қарашы!
Шолсаң да биік аспаннан
Қарқырар кені тастардан
Республикама қарашы!
Шырқаған сайын тірегі
Республикама қарашы!

Қазақстан Республикамызда 120-дан аса ұлт өкілдері тұратын осынау қасиетті мекенде, асқақтаған өлкеде, кеңшілігі керемет дархан дастархандай далада, егіні теңіздей толқыған, төрт түлігі өрбіген, өндірісі өркендеген мекенде өмір сүруші әрбір адам өз Отанын жанындай сүйіп, оның көк байрағын көкке көтеруді мақтаныш тұтады. Ия Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек екенін атап айтты.

Бақыт бірлік күн талабы,
Тоқтамайды дүбір әні.
Мәңгі бақи шырқалады,
Республика Гимні!

ҚР. Гимні орындалады.

Балалар Гимнді орындап болғаннан кейін отырады.

Жүргізуші: :- Қасиетті Қазақстан мекенім,
Ақиқаттың алтын бесігі екенсің.
Елім, жерім, Отаным – бақ - дәулетім,
Болашағым, өнер - білім, өркенім.- Балалардың орындауында "Туған елім - Қазақстан" әні шырқалады.

Ән: «Туған елім Қазақстан!»

I . Қарт Алатау, бұлтты құшқан, Көгінде ту зулап ұшқан. Менің жерім, туған Елім, Күн сәулелі – Қазақстан! 2рет.	II. Жерін самал, ескен майда, Толқындаған егін жайда. Далам менің, анам менің, Туған елім – Қазақстан! 2рет.
III. Күн елісің, гүлімдеген, Гүл елісің, гүлі берен, Мейіріманды ізгі жанды, Туған жерім – Қазақстан! 2рет.	

Осы кезде ортаға саяхатшы кіріп келеді.

Саяхатшы: - Өзі бұл жер қай ел екен, жөн сұрап білейін?!

Жүргізуші: - Сәлеметсіз бе? Сіз кім боласыз? Қателеспесем, біздің елге басқа жақтан келгенсіз - ау деймін.

Саяхатшы: - Мен ел аралап жүрген саяхатшымын . Сыңғырлаған балалардың күлкісін естіп, қай елдің бақытты балалары екенін білейін деп келдім.

Жүргізуші: - Олай болса, қош келдіңіз! Қазір бізде 25 қазан Республика ұлттық мекреке күніне арналған ертеңгілік өткелі жатыр. Балалардан сұрап біліңіз.

Саяхатшы: - Сәлеметсіңдер ме, балалар! Сендер өте көңілді, әрі бақытты көрінесіңдер. Сендердің Отандарың, қасиетті мекендерің қай Республика?

Балалар: - Қазақстан Республикасы.

Саяхатшы: - Президенттерің кім?

Балалар: - Қасым-Жомарт Тоқаев.

Саяхатшы: -Қазақстан Республикасының рәміздерін білесіңдер ме?

Балалар: - Ашық аспандай көгілдір туымыз бар,

Мағыналы ән ұранымыз бар,

Қасиетті бой тұмар елтаңбамыз бар.

Саяхатшы: - Өте жақсы. Осы елдің бақытты ұл - қыздары екендеріңді қалай дәлелдейсіңдер?

Жүргізуші: -Біздің балалар тапқақтар арқылы айтып дәлелдиді.

Маржан:Отаным менің Қазақстан Мәңгілік сенімен мақтанам Саянда жүрсем әрдайым Күлімдеп жүрем бақ табам.	Айбын:Отаным менің Қазақстан Қарызбын саған әрқашан Азаматтық борышты Өтеуге мәңгі талпынам.	Інжу:Отаным менің Қазақстан Атыңнан сенің айналам Бас иіп саған өтемін Жасай бер жаса Қазақстан.
Мирас:Отаным менің - Қазақстан, Ыстық қой сенің топырағын. Орманын, көлін, бау- бағын, Қастерлеген қазағым.	Аяулым:Найзаның ұшымен қорғаған, Халқым менің мықты ғой. Ата-бабам әрқашан, Салт - дәстүрін сақтаған.	ЕркеназӘрбір қазақ батыры, Желбіреткен көк туын. Кен байтақ жерге қазағым, Егін егіп, мал жайған.

Саяхатшы: - Жарайсыңдар балалар, өркендерің өссін, талаптарың оң болсын. Енді меніңде қайтатын уақытым болды.Сендерге тілейтінім білімді, ақылды, елін қорғайтын азамат болыңдар. Жігіттер ер жүректі батыр болсын, қыздар көрікті, сұлу-сымбатты, абыройлы болсын. Көріскенше сау болыңдар балалар!

Балалар: - Рахмет сізге Саяхатшы аға, сау болыңыз!

(Саяхатшы балалармен қоштасып шығып кетеді.)

Жүргізуші: - Балалар мерекемізді әрі қарай жалғастырайық. Айтыңдаршы балалар біздің қазақтың киелі үйі қалай аталады?

Балалар: - Киіз үй деп айтамыз. *(кереге, уық, шаңырақ, ою басқан киіздер т.б.)*

Жүргізуші: - *-(киіз үйді көрсету)* Жарайсыңдар балалар, осы киіз үйіміздің керегелері, шаңырағы, ұлттық ою-өрнектері біздің рәміздерімізде бейнеленген, өте жақсы жауап

бердіңдер. Олай болса, балалар киіз үйіміздің шаңырағы биік болу үшін, мен сендерге «Киіз үй» ойнын ұсынамын.

Ойын: «Киіз үй»

Жүргізуші:- Сән — салтанат жасайық,
Күйсандықты ашайық.
Бұл мереке, бұл тойға,
Бимен шашу шашайық – деп ортаға бөбекжай бақшамыздың биші
қыздарын шақырамыз.

Би: "Қазақша"

Жүргізуші:- Балалар, сендер сүйікті Отанымыздың қасиетті белгілерін біледі екенсіңдер. Онда Отан дегеніміз не?

Балалар:- Отан дегеніміз біздің әке - шешеміз, туған туыстарымыз, ауыл қалаларымыз, өзіміз туып - өскен жеріміз.

Отан – сенің ата - анаң, Отан – досың, бауырың Отан - өлкең, астанаң Отан – аудан, ауылың.	Отан – атам, Отан - әкем Осы сөзім қате ме екен? Қате болса неге біздер Дейміз оны атамекен.
---	---

Жүргізуші:- Балалар, халқымыздың батыр ұлы Бауыржан Момышұлы айтқан екен: «Отан үшін отқа түс, күймейсің»,- деп. Басқа да батыр ағаларымыз, апаларымыз «Отан» деп жырлаған, қорғаған, қастерлеген және Отан үшін өмірлерін қиған екен.

Біз де осы ата - апаларымыз сияқты Отанымызды қорғауымыз керек. Отан үшін еңбек ету керек. Сендердің еңбектерің – сендердің жақсы оқығандарың, тәртіпті бала болғандарың.

- Ал, балалар, біз Отан туралы мақалдар білеміз бе?

Отан елдің анасы, Ел ердің анасы.	Отан қадіріне жетпеген өз қадіріне жетпейді.
Отан от басынан басталады.	Отан оттан да ыстық, жалыны бар шоктан да ыстық.
Отансыз адам — ормансыз бұлбұл.	Отансыздың оты жанбайды.
Отан үшін еңбек етсең халқыңның сүйген ұлы боласың.	Отан үшін күрес — елге тиген үлес.

Жүргізуші:- Күлімде күн, күлімде!
Күлсін барлық бала шат.
Берекелі бүгіндей,
Бейбіт болсын болашақ!- “Ертегі” тобының орындауында ән “Тәуелсіз ел ұраны” әнін қабыл алыңыздар.

Жүргізуші:- Бүгінгі мерекемізді аяқтай отырып, бүкіл дүниежүзіне бейбітшілік тілейміз, аспанымыз ашық, заманымыз тыныш болсын - дейміз! Сау болыңыздар!!!!

Бекітемін
«Nursultan77»

балабақшасының меңгерушісі
Л.Т.Табытсва



Менің Қазақстаным-менің болашағым

«Ертегі» ересек топ

Тәрбиешілер: Абатова С.А
Бердімұратова Р.Ж

2025-2026жыл

«Менің Қазақстаным - менің болашағым»

Мақсаты:Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны, Елтаңбасы және Туы туралы білімдерін дамыту. Балалардың сезімталдық, қиялшылық; естігенін, көргенін қайта жаңғыртып, есте сақтау, есіне түсіріп толқу, жақсылық істеуге талпыну сияқты қабілеттерін дамыту.

Өз республикасын танып –білуге, жақсы көруге, Отанына деген сүйіспеншілікке, патриоттық сезімге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Қазақстан Республикасының картасы (балалардың суреттері жапсырылған түрлі түсті гүлдер), Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері.

Қанатты сөз:

1. Туған жер – алтын бесік.
2. Отансыз адам - ормансыз бұл-бұл.

Ертеңгілік барысы: Ертеңгілік Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранымен басталады. (Балалар орындарынан тұрып әнұранды айтады.)

- Біздің республикамыз Қазақстан деп аталады. Біздің еліміз – тәуелсіз мемлекет. Яғни, біздің еліміз тәуелсіз болғандықтан, өз мемлекеттік әнұраны, елтаңбасы және өзінің мемлекеттік туы бар. Біздің ұлттық тіліміз –қазақ тілі. Республикамыздың президенті – Н. Ә. Назарбаев.



- Балалар, мынау біздің еліміз Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы– көгілдір түсті тік бұрышты кездеме. Тудың ортасында күннің 32 шұғыласы, оның астында қалықтаған қыран бейнеленген. Сабына бекітілген тұста ұлттық оюлармен кестеленген тік жолақ өрнектелген. Күн, арай, қыран және ою-өрнек – алтын түсті.

Балалармен сұрақ –жауап арқылы түсінгендерін пысықтайды.

- Балалар, тудан ненің бейнесін көріп тұрсыңдар?
- Күн, құс пен оюдың бейнесін көріп тұрмыз.
- Иә, өте жақсы, дұрыс айтасыңдар. Ал, енді, балалар, мемлекеттік туымыздың түсі қандай екен?
- Мемлекеттік туымыздың түсі - көк, көгілдір.
- Неге ұқсайды?
- Аспанға ұқсайды.
- Біздің мемлекеттік туымыз аспан түстес көк екен.

Балалардың жаттаған «Қазақстан жалауы»деген өлең жолдары тыңдалады.

Аспан түстес көгілдір,
Тік бұрышты матаның.
Ортасында төгіп нюр,
Күн жаяды шапағын.
Астында оның қалықтаған,
Қыран құстың бейнесі.
Азат елдің шалқыған,
Көңілі де білерсің.
Есте белгі ұрандар,
Сары алтындай сақталған.
Күн шұғыла қыранда,
Алтын түске қапталған.
Сол жағында матаның,
Сары түсті жолақ бар.
Мұратындай атамның,
Әсем өрнек ол ұлттық!

- Мынау біздің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы. Рәміздік тұрғыдан ҚР мемлекеттік Елтаңбасының негізі – шаңырақ. Ол – Елтаңбаның жүрегі.

Шаңырақ – мемлекеттің түп негізі – отбасының негізі. Шаңырақ – Күн шеңбері.



Айналған күн шеңберінің қозғалыстағы суреті іспетті. Шаңырақ – киіз үйдің күмбезі, көшпелі түркілер үшін үйдің, ошақтың, отбасының бейнесі. Тұлпар – дала дүлділі, ер-азаматтың сәйгүлігі, желдей ескен жүйрік аты, жеңіске деген жасымас жігердің, қажымас қайраттың, мұқалмас қажырдың, тәуелсіздікке, бостандыққа ұмтылған құлшыныстың бейнесі. Қанатты тұлпар – қазақ поэзиясында кең тараған бейне. Ол ұшқыр арманның, самғаған таңғажайып жасампаздық қиялдың, талмас талаптың, асыл мұраттың, жақсылыққа құштарлықтың кейпі. Қанатты Тұлпар

Уақыт пен Кеңістікті біріктіреді. Ол - өлмес өмірдің бейнесі. Бір шаңырақтың астында тату-тәтті өмір сүретін Қазақстан халқының өсіп-өркендеуін, рухани байлығын, сан сырлы, алуан қырлы бет-бейнесін паш етеді. Бес бұрышты жұлдыз Елтаңбаның тәжі іспетті. Әрбір адамның жол нұсқайтын жарық жұлдызы бар. Қазақстан Республикасы мемлекеттік Елтаңбасының авторлары – Ж. Мәлібеков пен Ш. Уәлиханов. Балалармен әңгіме жүргізіліп, «Біздің елтаңба» деген тақпақ айтылады.

Алтын қанат көмкерген,
Шаңырақ бар, уық бар.
Әсем бейне сен көрген,
Жай белгі емес ұғып ал!
Көгілдір түс аясы,
Бейбіт дала елесі.
Шаңырақ – жұрт панасы,
Уықтар -күннің сәулесі.
Сүйсіндірер өзіңді,
Түсіне біл таңбаны.
Аңызда ұшқыр төзімді
Пырақ халық арманы.
Жоғарыға түсер көз,
Бес бармақты жұлдызға,
«Қазақстан» деген сөз,
Таныс барлық ұл-қызға.
Мағыналы, сымбатты,
Бар осындай белгіміз.
Маған, саған қымбатты
Елтаңбасы ол-еліміз!

СЕРГІТУ СӘТІ:

*Бір шаңырақ астында,
Тату-тәтті тұрамыз.
Бірге ішеміз асты да,
Бірге сайран құрамыз.
Достықты үлгі санаған,
Бір үйде біз тұрамыз.
Қалған ата-бабадан,
Бірлік асыл мұрамыз!*

-Ата –бабамыздың өткен өмір жолына біраз шолу жасап қарасақ, «Не деген дархан ел, не деген төзімді де қайратты ел, не деген батыр да батыл менің елім!» деп көңілің көкке көтеріледі.

(Музыка ойнап, аяғын ақырын басып Ата шығады. Орындыққа келіп, демалып отырады. Осы кезде жүгіріп немересі шығады).

Немересі: Ата, не ойлап отырсыз?

Атасы: Ә, балам, атаң не ойламайды дейсің! Сенің болашағыңды ойлаймын. Еліміздің болашағы жайлы, өткен өмір жайлы ойлаймын, қуанамын!

Немересі: Ата, «өткен өмір» деген не?

Атасы: Ә, балам, «өткен өмір» деген сонау ежелгі бабаларымыздан бергі өткен өмір жолы, тарихи емес пе?

Немересі: Ол қандай болған?

Атасы: Ендеше тыңда, балам, атаң бір сөйлесін:

Болмаса да оқыған тарихшы атаң,
Жинадым ескілерден тарих хатын.
Мақсатым – кейінгі ұрпақ ұмытпаса,
Айтылған аталардың аманатын.
Есімі еш адамның өшпейді екен,
Артында ұрпақ жүрсе өздерінде,

Ұмыттырмас «Жеті атасын» парыз екен,

Бұрыңғылар ұрпақтың қамын жеген.

«Білмеген жеті атасын жетесіз» деп,

Өткендерін қалай да білесін деген.

Сондықтан, балам, сен де өз тарихыңды, жеті атаңды білуге тиіссің. Сонау ерте кезде біздің ата - бабаларымыз 29 қазақ руының басын қосып, халық болып қалыптасуының негізгі болғаннан басталмай ма бұл тарих?

Менің елім – Қазақстан. Бұл әрбір дала перзентінің (кәрісі бар, жасы бар) көкірегінде мақтанышпен айтатын сөзі. Бұл тақырып төңірегінде сан ойландым, көп толғандым. Елім жайлы, алтын бесігім туған жерім жайлы азаматтық жүрегіммен толғана сыр шерте алар ма екем?!

Құс ұясыз,
Жыртқыш інсіз болмайды.
Отансыз жан өмірінде оңбайды,
Өзін-өзі қорлайды да, сорлайды.
Тірі адамға сол қайғы,

- деп ақын ағамыз Мұқағали жырлағандай, Отаны жоқ адамдар нағыз бақытсыз жан екен. Ал, біз, қазақ халқы, нағыз бақ қонған халықпыз деп шаттана айта аламыз. Өзіміздің мемлекетіміз, тарихымыз, тіліміз, тәуелсіз еліміз бар.

Бала : Қазақстан туған өлкем.

Жер көп пе сендей көркем?
Көрсін деп күллі әлемге,
Жалауыңды желге желпем.

(Ата мен немересі шығып кетеді.)

Ойын:

«Туған жерді гүлдендір»

(Балалар алдын-ала суреттері жапсырылған түрлі түсті гүлдерді алып, әуен ырғағымен жүріп, Қазақстан картасына апарып гүлдерін орналастырады.)

-Балалар, Туған жерді гүлдендірер ұл-қызы, міне, сендерсіздер. Еліміздің келешек тағдыры, Қазақстан ертеңі өз қолдарыңызда. Туған елдеріңді өркениетті мемлекеттермен терезесі тең, керегесі кең ететін - сендер. Ол үшін терең әрі жан – жақты білімді болу – міндеттерің. «Туған жер –алтын бесік» - демекші, балалар, бүгінгі сабақта айтылғандарды өнеге етіп, елді, жерді сүйуді, қадірлеуді өмірлік мақсат етейік – деп сабақты аяқтайық.



Бекітемін
«Nursultan 77» балабақшасының
Меңгерушісі: Л.Т. Табынбаева



**«Жасыл шырша жанында...»
ертеңгілігі**



«Ертегі» ересек тобы

Тәрбиешісі: Р.Ж.Бердімұратова
С.А.Абатова

2025ж

Безендірілген залға музыка әуенімен кіру.

Тәрбиеші :

Қош келдіңіз қонақтар,
Мерекелі бақшаға.
Ән салып, билеп береді,
Сіздерге арнап бар бала.
Балдырған топ атынан
Мерекемізді бастаймыз.

Тәрбиеші: Қош келдіңіздер, қонақтар! Сіздерді келіп жеткен жаңа жылдарыңызбен құттықтаймыз! Сіздерге зор денсаулық, отбастарыңызға амандық тілейміз! Жылымыз берекелі, мерекелі, құтты жыл болсын! Ендеше, Жаңа жыл мерекесін көңілді, жақсы көңіл-күймен өткізейік. Көңіл күйіміз көтерілу үшін кімдер жетіспей тұр ортамызға? **Әрине Аяз ата мен Ақшақар. Ендеше ортамызға шақырайық.**

Аяз ата:

Келе жатырмыз, келе жатырмыз. (Залды дөнгеленіп бір айналып шығады.)
Амансыңдарма, ұлдарым?
Амансыңдарма, қыздарым?
Аталарыңды сағындындар ма?

Ақшақар: Сәлеметсіңдерме, балалар? Жаңа жылдарың құтты болсын! Мен Ақшақармын. Жаңа жылдың сәнімін, балалардың әнімін.

Тәрбиеші: Аяз ата, Ақшақар, қош келдіңіздер. Төрлетіңіздер. Біздің балалар сіздерді күтіп сағынды. Балалар атамyzды ортаға алып, жаңа жылға арналған тақпақтарды айтып берейік.

Балалардың тақпақтары: Ахмад, Айша бибі, Тамирис, Али, Дария, Айша, Сұлтан, Ерхан

Ахмад

Жаңа жылым мол болсын!
Басқан кадам оң болсын!
Төрле, төрле жаңа жыл,
Бізге құтты жыл болсын!

Айша бибі

Безендіріп шыршаны
Жыл куантты баршаны.
Той - маскарад басталды,
Аяз оны басқарды.

Тамирис

Тамаша, тамаша,
Шырамыз тұр жараса.
Басында әсем жұлдызы,
Көз тоймайды қараса.

Али

Аппак тонға оранып,
Базарлықты мол алып.
Келді алыс сапардан,
Аяз ата оралып.

Дария:

Жасыл желек жамылған,
Асыл моншақ тағылған.
Міне, сұлу, шыршамыз
Көптен күтіп сағынған.
Кел, балалар, келіндер,
Тамашаны көріңдер!

Айша:

Қалып едік сағынып,
Күтіп алдық жабылып.
Жолын қойдық жарық қып,
Шыршаларға шам іліп.

Сұлтанияз:

Ақ қырауға малынған
Сакалы да мұрты да.
Аяз ата сағынған,
Сәлем берді жұртына.

Ерхан:

Жаңа жылды қарсы алдым,
Мініп алып күймеге.
Мен де бүгін ән салдым,
Араластым биге де.

Көңілді заманау би «Круче всех» /Данеля. Амина, Әмина, Айша бибі, Асылзат, Айханым, Раяна, Тамирис/

Ақшақар: Шыршаларың қандай әдемі! Бірақ шамдары жанбай тұр екен. Қане бәріміз шырша шамдарын бірге жағайық:

Бірге: Куант, бізді таңырқат, Шамдарыңды жарқырат! /Шырша шамы жанады/

Тәрбиеші: Балалар енді шыршаға арнап ән айтып берейікші.

Ән: «Шыршаға бардық»

Тәрбиеші: Балалар қарлар биін биледік, енді қар жайлы ән айтайықшы.

Ән : «Әппак қар»

Балармен ойын: «Қар жинау»

Музыка әуенімен Жылан жылы келеді:

Жылан жылы: Сәлеметсіңдер ме, балалар, мен ескі жыл Жыланмын. Сіздерге молшылық, бақыт әкелдім. Жаңа жылға айтарым: берекелі, жайлы жыл болсын! еліміз гүлденіп жайнай берсін!
Орымды Жылқыға беремін.

Музыка әуенімен Жылқы кіреді :

Сәлем менің достарым
Жаксылыққа бастадым.
Жаңа жылды қарсы алып,

Сыйлықтарды тос бәрің.

Жылаи : қош болыңдар, достарым. 12 жылда кездескенше.../қоштасып шығып кетеді/

Тәрбиеші: Бәрекелді жаңа жылым. Төрімізге шық. Бәрімізге жаңа бақыт, жаңа қуаныш ала кел. Жылқы жылына балалар әдемі би билеп берсін.

Би: «Флешмоб» биі

Тәрбиеші: Аяз ата ,біздің балалар манадан сізге арнап әндерін, билерін,тақпақтарын айтып жатыр.Енді бізге әкелген сыйлығыңыз бар шығар?

Аяз ата: Мен сендерге көп сыйлық дайындадым. Өрине бар. (балаларға сыйлық үлестіріледі)

Аяз ата: Балалар,сендерге сыйлық ұнады ма? Сыйлықтарыңа ризасыңдарма?

Балалар: Иә

Ақшақар: Біздер енді жол жүрейік. Бізді басқа да балалар күтіп отыр. Сау болыңдар балалар.(Аяз ата мен Ақшақар шығып кетеді)

Тәрбиеші: Осымен жана жылдық мерекеміз аяқталды. Келіп жеткен 2026 жыл құтты болсын! Бәрекелі, жайлы жыл болсын! Жаңа жылда жақсы жаңалықтарға толы болсын!

Бердімұратова Р.Ж.

“Алғыс айту - парызым”

“Ертегі” ересек тобы

Тәрбиешілер :Абатова С.А

Бердімұратова Р.Ж

Музыка жетекшісі:Досмағамбетова Г.С

2025-2026ж

1 наурыз алғыс айту күніне арналған
Тақырыбы: “Алғыс айту - парызым!”

Мақсаты: балалардың «сыйластық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту

Міндеттері: - ризашылық пен алғыс туралы түсінік беру;

- үлкен - кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым - қатынасын дамыту;

- әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу.

Көрнекіліктері: оқулық, дәптер, сандықша

Шаттық шеңбері

Ризамын мен бүгінге,

Ризамын мен бүгінге,

Ризамын мен бүгінге,

Ризамын мен қазірге!

Ризамын, ризамын, ризамын бүгінге,

Ризамын, ризамын, ризамын қазірге.

Балалар тізбектеліп, бір - бірлеріне тілек білдіріп шығады.

Әңгімелесу.

- Балалар, сендер кімдерді жақсы көресіңдер?

- Оларды неліктен жақсы көресіңдер?

- Ал өздеріңді кімдер жақсы көреді? Қалай жақсы көреді?

Ризашылық дегеніміз не?

Алғыс дегенді қалай түсінесіңдер?

- Адам өзінің ризашылығын, алғысын қандай сөздермен білдіреді?

- Сендерге кім қандай жағдайда алғыс айтты?

- Өздерің қандай жағдайда алғыс айтып көрдіңдер?

Балалардың жауаптары тыңдалады.

Сонымен, рақметке лайықты кімдер? Тізімді бірге құрайық! Бастысы алғыс айта білу...

Анаға – өмір сыйлағаны үшін,

Әкеге – қорған болғаны үшін,

Далаға – гүлдері мен көк шалғыны үшін,

Сөзге – жанды жылытатыны үшін,

Күнге – шуағы мен назары үшін,

Жұлдызға – қараңғы түндегі жарығы үшін,

Досқа – құшағы мен иығы үшін,

Әжеге – ыстық алақаны үшін,

Суға – тіршілік көзі болғаны үшін,
Жерге – махаббаты мен бар болғаны үшін,
Отқа – жылулығы үшін...

Ризашылық - адамның басқа адамнан көрген жақсылығы, көмегі, көңілі үшін қанағаттанушылық және алғыс білдірушілік сезімі.

Алғыс – адамның адамға жасаған жақсылығы, көмегі, көңілі үшін ризашылық білдіруі, сондай - ақ оның ойы мен іс - әрекетіне, жасаған істеріне жоғары баға беруі.

Әңгімелеу

"Алғыс" М. Төрежанов

Педагог балаларға өзін жақсы көретін жақын адамдардың қаншалықты қымбат екендерін сезінтіп, қадірін ұғындыра түсу мақсатында балаларға төмендегідей мәтіндерді қосымша оқып береді.

"Мақұлжан" Т. Жарқынбекова

- Төлеуді қандай бала деп айта аламыз?

Дәйексөз

"Адам өз ісіне қанағаттанып, сүйсінген кезде ризашылық сезімге бөленеді.

Өзіне жасалған жақсылыққа ризашылық білдіруді алғыс дейміз"

Педагог балаларға "Алғыспен ел көгерер" деген халық мақалын бүгінгі оқу іс - әрекеттің дәйексөзі ретінде түсіндіреді. Үлкендердің айтқан тілін алу, сыйластыққа әкеледі. Сендердің көрсеткен көмектеріңе үлкен кісілер алғыс айтады, ризашылығын білдіреді."Алғыспенен ел көгерер"деген сөз осыдан шыққан.

Сергіту сәті

Ойын:"Сымсыз телефон"

Тыныштық сәті

- Балалар, денелеріңді түзу ұстап, бастарыңды жоғары көтеріп, ыңғайланып отырыңдар. Көздеріңді жұмсаңдар да болады. Ауаны терең жұтып, еркін тыныс алыңдар. Өздеріңнің тыныс алуларыңды бақылап, бақытқа, махаббат пен тыныштыққа толы таза, шипалы ауаның тұла бойларыңа толғанын сезініңдер. Ал енді, көздеріңді ашсаңдар да болады.

Ғажайып сөздер

Жақсылық жасау. Алғыс айту. Ризашылық білдіру. Рақмет.

Қорытындылау

- Балалар, жылы сөз, қайырымды іс, жақсы ой, кіршіксіз сезімдерінді ешкімнен ешқашан аямаңыздар. «Рахмет» деген қасиетті сөзді жиі айтыңдар. Адам алғыс пен ризашылықты естіген сайын, жақсылық жасағысы келіп тұратынын есте сақтаңдар. Өмірдің әрбір сәтін бағалай білуге үйреніңдер және Табиғат – Анаға мейірімді күні үшін, көңілді жаңбыры мен ақ қары үшін, жұмсақ ақ ұлпа бұлты үшін, жақын адамдарға қайырымдылығы мен риясыз махаббаты үшін алғыс айтуды ұмытпаңдар.



Бекімізгі
Елеуі

Анашым-асыл қазынам!

“Ертегі” ересек тобы

Тәрбиешілер :Абатова С.А

Бердімұратова Р.Ж

Музыка жетекшісі:Досмағамбетова Г.С

2025-2026ж

Тақырыбы: «Ана – аса қымбатты жан»

Мақсаты: Аналар мерекесімен бірге күннің нұрын төгіп келген көктем мерекесінің ерекшеліктерін атай отырып, табиғаттың жаңаруын, құлпыруын балаларға жеткізу. Ешқашан аналарын ренжетпеуге, қолғанат болуға, құрметтей білуге тәрбиелеу.

Сахнаға балалар әуенмен кіреді Әділет Жауғашар «Мамау» оленмен жүрек шармен.

1 Жүргізуші: Біз ғана емес қадір тұтқан бабалар.

Аналардан туған не бір даналар.

Ана деген тіршіліктің тірегі,

Армысыздар, қасиетті аналар!

Сәлеметсіздер ме, құрметті қонақтар! Қымбатты да сүйікті аналар, әжелер. Бүгін көктемнің алғашқы мерекесі 8 – наурыз халықаралық әйелдер мерекесімен құттықтаймыз. Сіздерді мерекелік ертеңгілігімізге тамашалауға шақырамыз.

Балалар, сендер білесіңдер ме бүгін қандай мереке екенін?

Балалар: Аналар мерекесі.

2 Жүргізуші: Дұрыс айтасыңдар. Бүгін аналар, әжелер мерекесі. Кәне, балалар, қонақтарымызға тақпақ айтып берейік.

Тақпақтар.

Инжу

Шәй қайнатып келейін

Шекер салып, жан әжем

Өзім құйып берейін

Балдай тәтті бал әжем

Айдария

Тәттілерін сақтайды,

Немереме берем деп.

Мен тілеймін әрқашан

Әжем аман болсын деп.

Дарын

Аман болсын басыңыз,

Ағармасын шашыңыз.

Шөбере сүйіп әліде

Жүзге жетсін жасыңыз.

Кәусар

Ана сен бақыттысың,
Жыламағың!
Жәй түсіп жатқанда да құламадың
Тәңіріңнен мен едім ғой сұрағаның
Сондықтан жыламағаң, жыламағың.

Бармын ғой
Тірімін ғой.
Қасыңдамын.
Өлмеймін, мен өзәңдей асылданмын
Таусылып, өз өзіңнен шашылмағың,
Байырғы берекенді қашырмағың.

Мен сенің қанықпын ғой көз жасыңа
Өзім кепіл тот басып, тозбасыма.
Екі жыр жазсам саған бірін арнап
«Ана» деп жаздым ылғи сөз басына.

Адиля

Құлпырған гүлдей
Көктемгі күндей
Жылылық маған
Төгесің үзбей.

Айәділ

Аялы алақан,
Әлпештеп өсірген.
Аяулы жан анам
Қатемді кешірген

1 Жүргізуші: Жарайсындар балалар!

Би: «Аспазшылар» Биі (Мирас, Айбын)

Ән: «Әжетайым».

2 Жүргізуші: Балалар қар еріп, құстар ән салып, алғашқы гүлдер шығуда.
Адамдарға қуаныш сыйлайтын сиқыршы көктем. Балалар, тыңдандаршы
бізге біреу қонаққа келе жатқан сияқты.

Музыкалық әуенмен залға көктем кіреді.

(Әуенмен Көктем кіреді)

Әлпештен өсірген.
Аяулы жан анам
Қатемді кешірген

1 Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар!
Би: «Аспазшылар» Биі (Мирас, Айбын)

Ән: «Әжетайым».

2 Жүргізуші: Балалар қар еріп, құстар ән салып, алғашқы гүлдер шығуда.
Адамдарға қуаныш сыйлайтын сиқыршы көктем. Балалар, тыңдаңдаршы
бізге біреу қонаққа келе жатқан сияқты.

Музыкалық әуенмен залға көктем кіреді.

(Әуенмен Көктем кіреді)

Көктем: Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Міне келдім табиғатты оятып,

Күн күркірі нөсерімен тоя түп.

Ағаштардың тамырына қан жүрді,

Жапырағын жасыл түске боятып.

Қандай әдемі болып құлпырып кеткенсіңдер!

2 Жүргізуші: Сәлеметсізбе ару көктем! Біздің балалардың барлығы да әдемі,
ал бүгін ерекше көңілді.

Көктем: Сендер қандай мерекені тойлап жатырсыңдар?

Балалар: Көктем мерекесін, аналарымыздың, аруларымыздың мерекесін
тойлап жатырмыз.

Көктем: Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

Балалар: Көктем мезгілі.

Көктем: Көктем мезгілінде ауа-райы қандай болады?

Балалар: Жаңбыр жауады. Күн мен түн теңеседі. Күн ұзарып, түн
қысқарады. Адамдар жылы киімін тастап, жеңіл киіне бастайды.

Көктем: Көктем мезгілінде неше ай бар? Атауларын кім айтып береді?

(наурыз, ақпан, мамыр)

Көктем: Көктем айында табиғат не істейді?

Балалар: Көктем айында табиғат оянады.

Көктем: Жарайсыңдар, балалар! Өте ақылды екенсіңдер.

1 Жүргізуші: Біздің балалардың барлығы да әдемі, ал бүгін ерекше көңілді.

Себебі олар аналарының мерекесіне өз өнерлерін сыйға тартпақшы.

Көктем: Керемет. Балалар менің сендермен ойын ойнағым келіп тұр

Ойын: «Аналарға көмектесу»

Шарты: Әуенге байланысты, әркім қолындағы заттармен іс- әрекетпен
көрсетеді,

Көктем: Жарайсыңдар!

2 Жүргізуші: Ару көктем біздің балалар ойынды ғана емес тақпақтыда жақсы айтады. Балалардың аналарына арнаған өлеңдерін қабыл ал.

Тақпақтар:

Хафиза

Мәпелеп мені өсірген,
Ризамын мен өзіне.
Ана деген керемет,
Сыйлап өтем өмірде.

Маржан

Біз доспыз гүлдермен,
Текке оны жұлмаймыз.
Той күні бір бірден
Аналарға сыйлаймыз.

Еркеназ

Ана біздің күніміз,
Ана біздің гүліміз.
Ұландарды қуантып
Ұзақ өмір сүріңіз.

Әли

Анам кетсе жұмысқа
Анашымды сағынам
Құлағына сыбырлап
Анама арнап ән салам.

Айлин

Анам өмір шырағы,
Анам өмір бұлағы
Бесегімнің жыр әні
Жүрегімде тұрады.

1 Жүргізуші: Жарайсыңдар, балалар аналарыңды қатты жақсы көретіндерінді тақпақпен жеткіздіңдер, Ендеше ортаға:
(Аяулым, Әли, Маржан, Айәділ, Хафиза, Мадияр, Аяна, Дарын, Аягөз)
«ТОРҒАЙ» әнін орындайды.

Би «Көбелектер».

Көктем: Бүгін қандай керемет күн. Аналар мен әжелер, қыздар мерекесі.

1 Жүргізуші: Ия көктем дұрыс айтасың. Біздің балалардың сізге арналған әні бар соны қабыл ал көктем.

Ән: «Мама мама»

2 Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар! Ал, енді біздің ұлдарымыздың аналарымызға арналған биі бар.

Би: «Гүлдер»

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар.

Көктемнің телефоны шақырады.

Көктем: Ия, не сұрақ, жапырақтар шықпай жатыр ма, кірпілер оянбай жатыр ма? Оларға көмектесу керек. Қазір ұшып барамын. Міне, балалар менің басқа да жұмыстарым бар. Менің кетуім керек.

1 Жүргізуші: Рахмет саған көктем. Сау бол!

Көктем: Сау болыңдар!

1 Жүргізуші: Балалар осы көктем мезгілінде құстар жылы жаққа келеді, осы құстарға байланысты “Оркестр” әнін орындайық хор болып

2 Жүргізуші: Осымен 8 наурызға арналған «Ана – аса қымбатты жан» атты ертеңгілігімізді аяқтаймыз. Келіп тамашалағандарыңызға көп рахмет.



*Бекітілген
- Смайль -*

“Қош келдің, Әз Наурыз!”

“Ертегі” ересек тобы

Тәрбиешілер :Абатова С.А

Бердімұратова Р.Ж

Музыка жетекшісі:Досмағамбетова Г.С

2025-2026ж

Қош келдің, Әз Наурыз!

Залда әсем әуен ойнап тұрады. Балалар билеп кіреді
Тәрбиеші: Күлімдеген шуақты көктеммен бірге қазақ даласына
жаңа жыл келді. Ұлы мерекелеріңізбен құттықтай отырып,
дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге табыс тілейміз. Ұлы мереке
сіздерге бақыт, қуаныш, сыйласын!

Тәрбиеші: Армысыздар құрметті қонақтар. Ұлыс күндеріңіз
құтты болсын! Келе жатыр жылымыз,
Мейрамдаймыз мұны біз.

Халқы сүйген мейрамды
Қарсы алайық Наурызды! (Наурыз қыз музыкамен ортаға келеді)

Наурыз қыз: Мен наурыз қызбын
Қыздарымда қасымда
Ұлыс күнге жетті міне асыға
Келген жылым жақсылыққа басташы
Қуанышпен әр үйдің
Босағасын атташы
Аяулым

3. Сәнді көктем - Наурыз!
Наурыз тойы - жырымыз.
Көңіл гүлдей жайнасын.
Құлпырсын күн мен ай.
Құтты болсын Наурыз!

Қош келіпсің Наурыз! Айәділ
Арман тойы халықтың.

Қуанышы халықтың,
Құтты болсын қадамың!
Би биледік бәріміз! Еркеназ
Егін өңін толқытқан,
Елдің көңілін шалқытқан.
Бас иеміз - Наурыз!

Сені тойлап қарсы алып, Маржан
Бар әлемге жар салып,
Сәлем бердік, біз сізге!

Тәрбиеші: Рақмет, Төрлетіндер, дастархан басына жайғасыңдар.
Наурыз жыл басы, наурыз қуаныш мерекесі.

Тәрбиеші: Наурыз - бақыт пен шаттық мерекесі.

Наурыз – көктем мерекесі. Ендеше «Көктем» туралы ән шырқайық

ӘН: «Көктем келді»

Тәрбиеші: Келесі кезекті осынау қасиетті мерекеге арналған тақпақтарға береміз.

Тақпақтар

Инжу: Наурыз тойым, Наурыз тойым.

Құтты болсың халайық!

Қане, достар, қане, достар,

Шырқап әнге салайық.

Айбын:

Осыншама жақсылық

Алып келген Наурызым

Төрлет бізге нұр беріп,

Шуақ шашып ақ жүзің!

Дарын

Наурыз шаттық әніміз

Салтанатты сәніміз

Ән саламыз бәріміз

Би билейміз бәріміз

Тәрбиеші: Ой балалар жарайсындар, бәрекелді.

Тәрбиеші: Халқымыздың ұлттық өнерінің тағы бір керемет түрі бұл айтыс. Наурыз мейрамында ақындар айтысы болып отырған.

Ақындар жақсылық пен жамандық, суық пен жылының күресін жырлаған.

Халқымыздың ежелден келе жатқан бұл төл өнері, бүгінгі ұрпақ бойында да өз жалғасын табуда. Осындай тамаша өнерді жалғастыру өз парызымыз деп түсінген кішкентай айтыскерлерімізді қошеметтеп қарсы алайық:

Айтыс: Айбын мен Аяулым

Әндетіп Алдар келеді (Мен Алдармын, Алдармын)

Айтысып жатқан балалардың даусын естіп келдім. Бұл жерде мереке болып жатыр ма?

Тәрбиеші: Иә, Алдар көңіл - күйің жақсы екен, амансың ба?

Алдар: Амансыздар ма! Наурыз мейрамы құтты болсын.

Иә, сараң байды алдап, мінекей наурыз мейрамына жаңа шапан киіп көңілді келемін. (көрсетіп қояды шапанын)

Тәрбиеші: Ендеше ұлыстың ұлы күнін бізбен бірге қарсы ал,

наурыз мейрамың құтты болсын!

Алдар: Рахмет! Мен сендерге құр қол келген жоқпын. Ұлттық ойындардың бірі асық ату ойынын, ойнауға бір дорба асықтар ала келдім.

Ойын: (Асық ойыны)

Тәрбиеші: Рахмет саған Алдар. Ойының балаларға өте ұнады, кел дастархан басына төрлет.

Алдар: Рахмет (дастархан басына отырады)

Тәрбиеші: Наурыз тойын бастаймыз

Бимен оны қостаймыз

БИ: «Тостаған биі»

Наурыз қыз: Мен қанша шуағымды шашып, мейірленгенімен қалың қыстың етегі сөгіле қоймаған тәрізді. Тезірек қар түгелдей еріп, ағаштар бүршік ашып, жер көктеу үшін не істесек екен ә?

Тәрбиеші: Иә, аздап салқын, айнала әлі қар. Ол үшін біз шуағын шашқан алтын сәулелі ару күнді, қасиетті жер ананы, ыстық ықыласты от ананы ортаға шақырайық.

(Музыкамен жер ана, от ана, ару күн шығады). Бастарына байлам тағу

Жер ана: Айдария (бата береді) шашу шашады.

Жетегің бұйда болсын,

Арқаң шуда болсын.

Беретін асың болсын,

Көретін жасың болсын.

Бесігің алдыңнан түспесін,

Басыңнан жақсылық кетпесін,

Жамандық саған жетпесін.

От ана: Альфия Жыл басы - Наурыз мереке,

Ақ нұрға әлем боянды.

Наурыз тойы береке,

Тіршілік таңы оянды.

Ару күн: Рабия Уа, жарандар, келіндер!

Той қызығын көріндер!

Наурыз тойға бас иіп,

Күнге сәлем беріндер!

Армысыздар көрермен қауым! Наурыз мейрамы құтты болсын, ұлыс оң болсын!

Тәрбиеші: Аяулы да қасиетті аналар біздің мерекелік дастарханымызға төрлетіңіздер!

Наурыз қыз: наурыз мейрамында ауылдарды аралап наурыз көже ішу керек екен.

Тәрбиеші: Иә, наурыз көже ең дәмді, әрі тойымды, құнарлы тағамның бірі.

Наурыз қыз: Ендеше, мен ауылдарды аралап, қыдырып қайтайын – деп шығып кетеді.

Ән «Наурыз мереке»

Музыкамен Қаңбақ шал домалап келеді. Ой, қайда келдім. Армысыздар ағайын.

Тәрбиеші: Амансыз ба, Ата?

Қаңбақ: Әлей болсын, балам! Мен балабақшада Наурыз тойы өтіп жатыр дегенді естіп, жолға шығып едім, бір жел тұрып, мені ұшырып ала жөнелді.

Тәрбиеші: Е - е, ақсақал қаңбақ шал деген ата сіз боласыз ба?

Қаңбақ: Иә, иә тура өзімін.

Тәрбиеші: Дәл үстінен түстіңіз, бізде наурыз тойы өтіп жатыр, төрге шығыңыз, қонақ болыңыз!

Қаңбақ: Рақмет! Мені осында келе жатыр едім, бір дәу жолда тұр, байқамай қағып кеттім, сол мені қуып келе жатыр ғой деймін. Қорқамын.

Тәрбиеші: Онда не істейсің?

Қаңбақ: Білмеймін. Қазір көреміз.

Музыкамен ДӘУ келеді. Әй, сен қаңбақ шал, сен мені неге қағып өтіп кеттің, тоқтамай. Алды – артыңа қарамай зырладың ғой.

Қаңбақ: Ее, дәуеке, қалыңыз қалай? (қол алысып амандасады)

Наурызыңыз құтты болсын! Жаңа бір жел тұрып, мені ұшырып, осында алып келді. Бұл Наурыз тойы. Наурызда ренжісуге болмайды, барлығы тату – тәтті жүру керек. Төс қағыстырып амандасады. Келші, бір құшақтайын.

ДӘУ: Қандай наурыз мерекесі?

Қаңбақ: Қазақ салты бойынша тойланатын наурыз тойы, біздің жаңа жылымыз.

ДӘУ: Ассалаумағалейкум халайық, Наурыз тойларыңыз құтты болсын!

Ее, қаңбақ шал, сөйле, сөйле! Ондай болса, кел екеуіміз күш сынасайық, Кімнің күші көп екенін көрейік.

Қаңбақ: сынассақ, сынасайық Кел, ендеше, мына тастың құмын шығар.

Мынау шелек, осының ішіне сал.

ДӘУ: Мен оны бір қолымен – ақ езіп, құмын шығарамын. Міне, міне көрдіңдер ме? - деп балаларға көрсетеді. Қаңбақ шал көрдің бе, менің күшім қандай көп.

Қаңбақ: көрдім керемет екен. Ұстап көріп, сен тастың майын шығармапсың ғой.

ДӘУ: Енді сен көр, көрейін.

Қаңбақ: үстел үстінен көрсетпей тасқа май жағып алады.

Қолында шелек тасты қаттырақ езіп, үстіндегі майын балаларға көрсетеді.

Міне тастың майын шығардым, дәуге көрсетеді.

ДӘУ: Таң қалады. Тастың да майы болады екен ғой. Ой керемет, керемет!

Қаңбақ: Әрине менің күшім көп.

ДӘУ: Енді тасты көтеріп көрейік, кімнің күші көп екен. Мен тасты бір қолымен көтерімін – деп мақтанады да, жерден тасты алып көтереді.

Ал, енді сен көтер.

Қаңбақ: жаңа тастың майын шығардым, оны көрдің. Енді не істесем екен деп ойланып отырмын.

ДӘУ: Несіне ойланасың, бол сенің күшінді көрейік. Көтер, көтер.

Қаңбақ: Егер, мен қазір тасты лақтырсам, қағып ала алмасам, аспан жерге айналып түсе ме деп қорқып тұрмын. Мен өзім үшін емес, сен үшін қорқып тұрмын.

ДӘУ: немене, немене? Мен үшін қорық па? Қане, лақтыр.

Қаңбақ: Одан да, балалармен басқа ойын ойнайық. Ойынның аты «Теңге алу» Кім теңгені көп жинайды сол жеңімпаз болады, соңынан санау.

Тәрбиеші: біздің қонағымыз болыңыздар, төрге шығыңыздар. (дастархан басына отырғызады)

Тәрбиеші: балалар, малдас құрып дөңгелене отырамыз,

қолымдағы жіпті көріп отырсындар, осы жіпті орай отырып, бір
– бір тыйым сөз айту керек.
Дайынбыз ба? Бастаймыз.
Үйде ысқырма
Үлкеннің жолын кеспе
Асты үрлеме
Саусағыңды аузыңа салма
Тіліңді шығарма
Жақты таянба
Тізеңді құшақтама
Табаныңды тартпа
Бір қолмен нанды үзбе
Есікті қатты жаппа
Отқа түкірме
Үйге қарай жүгірме
Есікті керме
Үлкеннің алдын кеспе
Босағаға тұрма
Бос бесікті тербетпе
Бетіңді баспа
Адамға қарап керілме
Көк шөпті жұлма
Құстардың ұясын бұзба
Суға түкірме
Құмырсқаның илеуін бұзба.

Тәрбиеші: Ал, құрметті халайық, бесікке салу рәсіміне кезек
берейік.

Әже: Бұл - бесік. Бесіктің жабдықтарын айтып өтейін. Көрпесі,
жастықшасы, баулары, аяқбауы, жөргегі, түбегі, шүмегі болады.

- Ал енді бесікті дайындап, бөбегімізді жатқызайық.

- Бесікке баланы салмас бұрын, аластап алған дұрыс.

- Шырпыны жағып, отпен аластайды. (сіріңкені көрсетеді)

Алас - алас, алас,

Бар пәледен алас.

Барлық пәле желмен кетсін,

Ағынды сумен кетсін.

Алас - алас, алас.

Енді тыштырма рәсімін жасайық.

Тышты, тышты, тышты ма?

Балалар хормен: Тышты, тышты

Әже: Конфетті уыстап алып, екі жаққа балаларға шашады

Қайталап айтады: Тышты, тышты, тышты ма?

Бөбегім ұйықтап дем алсын

Қунап оянсын!

Енді баланы бесікке салайық.

Бесік жырының бір шумағын айтып жіберейік.

Тәй – тәй басып бөпешім, жүргенің қандай

Көз қуаныш көкешім, күлгенің балдай

Аспандағы ай күнді, аламын дейсің

Асқар таудай айбынды, боламын дейсің

Әлди – әлди, ақ бөпем

Сендей сәби жоқ көкем

Анам әкем дейсің бе, тілің тәтті екен

Әлди – әлди, ақ еркем

Бой жетерсің сен ертең

Мақтанышы елімнің, өзің бол еркем

Тәрбиеші: Кел, балалар ойнайық

Ойнайық та, көңілімізді көтерейік

Ойын: «Орамал тастау» Қызымызды ортаға шақырайық.

Ұлдарымыз музыка әуенімен атпен шабады. Музыка тоқтағанда, қызымыз орамалды ортаға тастайды, ал ұлдар жерге түсірмей қағып алу керек. Қағып алған бала қыздың бетінен сүйеді.

БИ: “Асық”

Тәрбиеші: Әр адам келер жылдан үлкен үміт күтіп, оны ақ тілекпен, ақ ниетпен қарсы алады. Ендеше, ақ кимешекті ақ әжеміз наурыз көже әкеле жатыр. Қош келдіңіз! (музыка)

ӘЖЕ: (Қолында тостаған, наурыз көже)

- Амансыздар ма, құрметті қонақтар, балалар, көктемнің тамаша мерекесі, Ұлыстың ұлы күні, Наурыз құтты болсын, әр шаңыраққа береке, бірлік, мәртебе әкелсін. Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын! Қайда барса жол болсын!

- Балалар, менің қолымдағы не? Онда не бар деп ойлайсыңдар?

- Дұрыс айтасыңдар. Бұл Наурыз көже. Наурыз мерекесін наурыз көжесіз елестету мүмкін емес. Сендерге сұрақ

- Наурыз көжені неше түрлі тағам қосып дайындайды?

- 7 түрлі

- Қане атап беріндерші?
- Сүр ет, сүзбе, бидай, құрт, тары, май, тұз
- Дұрыс айтасындар. Наурыз көже ең дәмді, әрі тойымды, құнарлы тағамдардың бірі. Ерте кезде үлкен тайқазанға пісірген. Наурыз көже қаншама халықты аштықтан аман алып қалған.
- Ал, қонақтар жыл бойы тоқшылық болсын, дастарханымыз кең жайылсын деген ақ тілекпен наурыз көжеден дәм татыңыздар. (ата – аналар алдына үстел қою, Наурыз көже құятын тостағандар қойып, құйып береді)
ӘЖЕ: Мына наурыз мерекесіне бір әдемі кілемшені әшекейлеуді бастап едім, аяқтай алмай қойдым. Мына көзде көрмейді, кәрілікте келді. Балалар маған көмектесіп жібересіндер ме? Келіндер, отырындар – деп жерге отырады (Әже жерге отырып, кілемшені жайып, оюларын жанына қойып, қалай жасау керек екенін көрсетеді.)

Тәрбиеші: Әрине, балалар әжеге көмектесеміз бе? Әже, сіз көрсетіп отырыңыз, қайсысын қай жерге орналастыру керек екенін. 4 бала шығару

ӘЖЕ: Ой, рақмет, балалар! Өркендерің өссін, көп жасандар. Қандай тамаша кілемше болды – деп жайып көрсетеді

Тәрбиеші: Қандай көмек керек болса айтыңыз, біз әрқашанда көмектесуге әзірміз. Солай ма, балалар?

ӘЖЕ: РАҚМЕТ! Сау болындар! Наурыз құтты болсын! (шығып кетеді)

ӘН: «НАУРЫЗ»

Тәрбиеші: Осымен Наурыз мерекесіне арналған ертеңгілігіміз аяқталды.

Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі құтты болсын!



Бекітемін
«Nursultan»
балабақшасының меңгерушісі
Л.Т.Табышева



Тақырыбы: «Батырлар жолымен»
«Ертегі» ересек топ



Тәрбиеші: Р.Ж.Бердімұратова

Тақырыбы: «Батырлар жолымен»

Мақсаты: Балалардың Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, ептілікке, шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Безендіру:

Ту, шарлар, «9 Мамыр – Жеңіс күні» жазуы.

Жүргізуші:

Армысыздар, құрметті ата-аналар, қонақтар және бүлдіршіндер! Бүгін біз Ұлы Жеңістің құрметіне арналған «Батырлар жолымен» атты спорттық сайысымызды бастаймыз. Батыр аталарымыздың ерлігін ұмытпай, олардың жолын жалғастыратын мықты, батыл ұрпақ болып өсейік!

Балалардың шеруі

(Әуенмен балалар залға кіріп, сапқа тұрады.)

Тақпақтар

1-бала:

Жеңіс күні – мереке,
Қуанамыз бәріміз.
Бейбіт өмір сыйлаған,
Ардагерді қадірлейміз.

2-бала:

Отанымды сүйемін,
Туған жерді білемін.
Батырлардың ерлігін,
Ешқашан да ұмытпаспын.

Сергіту жаттығуы

«Сарбаздар» әуенімен жалпы дамыту жаттығулары.
Сайыс кезеңдері

1. «Барлаушылар»

Шарты: Кедергілер арасымен жүгіріп өтіп, жалаушаны алып қайту.

2. «Оқ-дәрі жеткізу»

Шарты: Допты себетке салып алып, белгіленген жерге дейін жеткізу.

3. «Мерген»

Шарты: Қапшықтарды нысанаға дәл лақтыру.

4. «Жаралы жауынгерге көмек»

Шарты: Бір бала екінші баланы қолынан жетектеп, мәреге дейін жеткізеді.

5. «Туды қорға»

Шарты: Командалар жалаушаны алып, белгіленген жерге бірінші болып жеткізеді.

Балалардың «Әрқашан күн сөнбесін» әні.

Қорытынды

Жүргізуші:

Жарайсыңдар, балалар! Бүгін сендер батылдықтарыңды, шапшаңдықтарыңды көрсеттіңдер. Батыр аталарымыздың ерлігін әрдайым мақтан тұтайық. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Марапаттау

Барлық қатысушыларға мақтау қағаздары мен медальдар табысталады.

Бекітемін

«Nursultan 77» балабақшасының

Менгерушісі: Л.Т.Табышев



Балалық шақтан болашаққа

Тәрбиеші : А.Т.Тұрсынбай

Р.Ж.Бердімұратова

А.С.Абатова

Муз.жетекшісі: Г.С.Досмағамбетова

2025-2026 оқу жылы

Балалаық шактан болашаққа

А 1-тәрбиеші: Қайырлы күн құрметті қонақтар, аяулы ата-аналар, ардақты ұстаздар және сүйкімді бүлдіршіндер!

Бүгін жүрекке жылу сыйлайтын, қуаныш пен қимастық қатар өрілген ерекше күн
Бүгін біздің кішкентай балапандарымыз балабақшамен қоштасып, үлкен өмірдің
алғашқы баспалдағы мектепке қадам басқалы отыр міне

2-С тәрбиеші: Толқымыз толқып тұрсыз, баршаңызда
Мұндай күй болған сірә, қаншаңызда
Қол соғып, қошеметтеп шақырайық
Ертегі Құлыншақ бүлдіршін түлектерді.

Ортаға балалар әсем әуенмен кіреді

Р 1-тәрбиеші: -Армысыздар, құрметті ата-аналар, қонақтар, әріптестер! Бүгін бізде үлкен мереке!
Балабақша табалдырығын тәй-тәй басып кішкене ғана сәби болып келген балаларымыз міне, бүгін
сүйікті ұяларымен қоштасқалы отыр. Бүгінгі бүлдіршіндеріміздің «Бала шактан, болашаққа!» атты
ертеңгілігіне қош келдіңіздер!

1-жүргізуші:

Жаңа өмір басталсын,
Үміт, сенім ақталсын.
Ұмытылмай балабақша вальсі,
Көңілде мәңгі сақталсын.
«Би» Қоштасу вальсі

Бәріңді де сәбиім деп сүйетін
Өздеріңді сағынып біз жүрейік
Құтты болсын қадамдарың аттаған
Біз сендерге сәтті сапар тілейік!
Ән: «Риза ағай, апайда»

Жүргізуші: Баршамызды бала тілмен баурайтын,
Бала деген бір бақыт қой самғайтын
Ата — ананың арманы мен тілегін,
Бала емес пе бал бұлақтан жалғайтын — дей келе, «Құлыншақ» тобының балаларының тақпақтарын
қабыл алыңыздар!

Фарида Балаларды аялаған,
Жылы жүзбен қараған
Сіздей жақсы көмекшіге
Мың алғыс бізден тараған

Омар Апай, сізге мың алғыс,
Жылы сөзің бір таныс.
Бізді күліп қарсы алып
Үйретесіз әрбір іс
Ақ жүрекпен тәрбиелеп,
Білім нұрышасыз.
Сіздей жақсы апайға,
Рахмет айтып бас иеміз.
Ақгүл Тимурқызына мың алғыс

Дарын Алайларым бақшада
Үйретеді өнерді
Ойым дамып бұл күнде
Санам өсіп көгерді

Дильназ Қызық күндер өткіздік
Балабақша бағында
Көп үйрендік, көп білдік

Ел мен отан жайында
Заңтар Балабақша тәлімін
Есімізде сақтаймыз
Тәрбиеші еңбегін
Бәрімізде сақтаймыз
Тәуекел Көңіліңіз шат болсын
Өміріңіз жаңарып
Тәрбиеші ұстаздар
Риза сізге бар халық

Әліппенің салтанатты шығуы (Сәлемдесу)

Армысыңдар, жас достар,
Болашақ дана, басшылар!
Мен — Әліппе, білім бастауы,
Кемелгерліктің алғашқы аспаны.
Бақшадан ұшып барасың,
Мектептен орын аласың.
Менімен таныс болсаңдар,
Білімге терең бойлайсың!
2. Әліппенің балаларға арнаған сөзі
Қош келіңіз, балақай,
Көздеріңде жалын бар.
Мені ашқан әрбір баланың,
Көкірегінде бағы бар.
А-дан бастап әріпті,
Сөзге тізіп үйретем.
Оқу мен жазу сырларын,
Жүрегіңе гүл етем
Қоштасу және бата беру (Қысқаша)
Мені танып білдің бе?
Енді мектепке жол тарттың.
Балабақшада алған білімді,
Үлкен асуға айналдыр.
Жолың болсын, шәкіртім,
Биік болсын аспаның.
Әліппенің ақ жолы —
Бақытты өмір баспалдағың!
Қойылымға арналған идеялар:

* Кім үлгісі: Басына Әліппе бейнеленген тәж немесе үстіне кітап пішіндес кеудеше киюге болады.
* Әрекет: Әліппе сөйлеп тұрғанда қолында үлкен көрсеткіш таяқшасы немесе «білім кілті» болғаны
жақсы көрінеді.

* Интонация: Әліппенің сөзі анық, мақтанышпен және мейіріммен айтылуы керек.

Ойын: «Адасқан сандар»

Жүргізуші

Мерекеде сызылтып ән салады,
Ән айтып би де билеп жан салады.
Бұл ұлы мерекеде ән салғанда
Бүкіл ел шапалақтап қарсы алады

Ән «Оқып біліп үйренеміз»

Жүргізуші: Балаларымыздың балабақша ұжымына дайындаған алғыстарын қабыл алыңыздар

Тақпақтар:

Маржан

Үстаздардың ұстазы,
Тәрбиешінің ұстасы,
Менгеруші апайға
Ырза ата- анада
Бізде мұнда әрдайым
Бәрі- бәрі дап- дайын
Қамымызды ойлаған
Лаззат Таукенқызына мың алғыс!

Аяулым

Денсаулыққа болаттай,
Ауруларды жолатпай,
Күнде болған әбігер
Қамқоршымыз дәрігер
Меруерт, Айдана апайларға мың алғыс!

Хафиза

Талай-талай басналдақты аттармыз,
Ата-ананың үмітін де ақтармыз.
Салтанат апай сізден алған ақылды
Есімізде өмір бойы сақтармыз.

Айлин

Еденді,ыдысты жуатын,
Жолатпай шанды қуатын.
Тап – таза етіп сүлгіні,
Ұқыпты ілін қоятын,
Тәрбиеші көмекшісі
Жанар апайға мың алғыс!

Ойын: «Ата анамен»

Ал қазір мен ата-аналармен «нә, нә», «жоқ, жоқ» ойынын ойнағым келіп тұр.

- 1.Балаңызға әрқашан тірексіз бе?
- 2.Сабак оқып,есепке сіз жүйріксіз бе?
- 3.Тамағын уақыптылы бересіз бе?
- 4.Төзімділікке әрқашан төзесіз бе?
- 5.Сериал көріп жатасыз ба?
- 6.Ұрып,нұқып үйретуге барасыз ба?
- 7.Оқыту мұғалімнің жұмысы деген сөзді айтасыз ба?

Жүргізуші: Балаларымыз көңілді

Шақырамыз ортаға
Тойымызға сән беріп
Би билейік тамаша

Би: «Карандаш»

Мирас

Тәтті тамақ пісіретін,
Айран,сүтін ішкізетін
Аспазшы Лейла апайға
Айтамыз мың алғыс!

Инжу

Тамылжытып ән салдырып үйреткен,
Мың бұралта биімізді билеткен.
Гүлназ апай сізге де рахмет айтамыз,
Мың қайтара сәби жүрекпен,

Тұмар

Жазу жазып үйреткен,
Әріптерді оқытқан.
Санамақты жаттатып,
Санауды бізге үйреткен
Жақсы болсақ қуанған
Тентек болсақ кешірген
Раушан апайға мың алғыс!

Еркеназ

Бақшадағы күндерді,
Есімізге сақтаймыз,
Тәрбиеші еңбегін
Бәрімізде ақтаймыз

Жүргізуші: Біз байқамай отырған бір әнші бар
Өнеріне өзгелер тәнті шығар
Тәуекелді шақырайық біз ортаға
Жүрек тербеп алар, әнді шырқар

Ән: «Қимай тұрмын» Мәлік Тәуекел

Жүргізуші: Мектеп деген білім кені, жыр кені,
Мектеп деген ғылымның ең үлкені,
Мектеп деген тәрбиеші адамға,
Мектеп деген даналардың мекені, - дегендей түлектердің орындауында

Ән: «Біз мектепке барамыз»

Жүргізуші:
Балаларымыз көңілді
Шақырамыз ортаға
Тойымызға сән беріп
Би билейік тамаша

Би: «прощай игрушки»

Жүргізуші: Тәрбие берген ұямыз,
Мектепке кетіп барамыз.
«Қош бол!» әлі демейміз
Флешмоб биін билейміз.

Би: «Флешмоб»

Жүргізуші: Гүл сыйладық, жыр сыйладық
Құрметтейміз сіздерді.
Әсем әуен ән сыйлаймыз
Ұмытпаңдар біздерді!
«Ертегі» тобының апайларынан

Ән «Ризамын»

1 АҚҮЛ Міне, балалар, сендердің көптен күткен кимастығы мол, қуанышы бірдей мерекелерің аяқталды. Біздің сенімдерімізді ақтайды, мектепте үлгілі де, тәртіпті бала болатындарыңа сенемін. Сүйкімді біздің балаларымыз, жарқын жүзді ата-аналарымыз! Сіздермен қоштасатын сәт те келді.

2 РАУШАН Бүгінгі мерекеңіз құтты болсын! Түлектер сіздерге ақ жол тілейміз
Құрметті, біздің «Нұрсұлтан 77» «Ертегі, Құлыншақ» тобының ата – аналары, балабақша өміріне белсене қатысып, барлық күш – жігерлеріңізді балалармен бірге жұмыстануға бөлгендеріңіз үшін көп – көп рахмет!

3 САЛТАНАТ Міне, балаларымыздың жүректері лүпілдеп мектепке қадам басқалы тұр. Бойларындағы бар өнерлерін сіздерден аямай барынша тырысып көрсетті. Сіздерге ақ жол тілеймін, бөбектер. Сапарларың оң болсын бүлдіршіндер! Ендігі сөз кезегін балабақшамыздың менгерушісі Ляззат Таукеновнаға береміз
Салтанатты түрде алғыс хаттармен марапаттауға рұқсат етіңіздер. Ата-аналарға Алғыс хат табысталады